

## Қарым – қатынас әдебі туралы

2013-ші жылдың 6-шы қарашасында КЖжКББ факультетінің аға оқытушысы, техника ғылымдарының магистрі Жұмасаитова Самал Дүйсенбайқызы «Қарым – қатынас әдебі» тақырыбында 102 топта кураторлық сағат өткізді. Тақырып бойынша 102 топ студенттері Ш.Әшімов, А.Сатылғанова дайындаған баяндамалары тыңдалып, қойылымдары тамашаланды. Ал Б.Қыдырәлі және Ж.Туғанбаева әзірлеген қарым-қатынасты анықтау тест сұрақтарын студенттерге ұсынды.

Кураторлық сабақтың мақсаты - қарым-қатынасты шындық, мейірім, сұлулық тұрғысынан бағалай білуге, адамдар арасындағы қарым-қатынастың моральдық нормамен реттелуін түсіндіруге және адамгершілік сезімдерін оятып, тәрбиелі азамат болуға негізделеді.



